

ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ МЫ ОТКРЫТЫ К ДИАЛОГУ ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПОДВИЖНОГО СОСТАВА КАК ДЛЯ ВНУТРИРЕСПУБЛИКАНСКИХ, ТАК И ЭКСПОРТНЫХ ПЕРЕВОЗОК. НИ ОДИН ЗАПРОС НЕ ОСТАЕТСЯ БЕЗ ОТВЕТА. В РАМКАХ КЛИЕНТООРИЕНТИРОВАННОСТИ МЫ СТРЕМИМСЯ ВЫЯВИТЬ ПОТРЕБНОСТИ НАШЕГО КЛИЕНТА, УДОВЛЕТВОРИТЬ ИХ, ПРЕВЗОЙДЯ ЕГО ОЖИДАНИЯ.

Галым КАШКИНБАЕВ,
генеральный директор АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС»



№13 (2621)
26/03/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫБЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

НАУРЫЗДАҒЫ ТОСЫНСЫЙ

Арқада алты ай арқасын кеңге салып жатып алатын «кәрі құда» қыс Самарқанның көк тасын ерітетін өз Наурыз келсе де кеткісі жоқ. Үстіміздегі айдың 20-23 күндері аралығында соңғы күшін жинап, қаһарын төккен ол елорданы ақ мамыққа орап, соңы ақ түтек бұрқасынға ұласты.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Тек бас шаһар ғана емес, Сарыарқаны әбігерге салған наурыздағы тосынсыз салдарынан жан-жаққа тарайтын автожолдар толық жабылып, барлық көліктер қозғалысына тыйым салынды. Әуежайлар жұмысы да сыр беріп, ұшақтар қаңтарылып қалды. Бірақ, әдеттегідей әрі-бері сабылған халықты тығырықтан алып шыққан тағы да темір жол көлігі болды. Сондықтан теміржолшылар мереке күндері күндіз-түні қауырт

жұмыс істеп, пойыздар қозғалысын қамтамасыз етсе, пойыздар қар құрсауында қалған жолаушыларды құтқарды.

Мереке күндерін қосқанда соңғы төрт күнде еліміз бойынша қармен күрес жұмыстарына 87 бірлік қар тазалайтын және қар жинайтын техника жұмылдырылса, күндізгі уақытта 5431, ал түнгі уақытта 4058 адам қар аршумен болды. Қар жинау машиналары 512 рейс жасап, 106690 текше метр қарды

сыртқа шығарды. Осылайша 20-23 наурыз аралығында 32021 км жол қар құрсауынан тазартылды.

«Жалпы қармен күрес жұмыстары қыс басталғалы жүргізіліп келеді. Айталық, қыс маусымы басталған сәттен бастап 3267 қар тазалайтын және қар жинайтын техника үздіксіз жұмыс істеді. Осы техникалардың көмегімен қар тиелген машиналар 4311 рет рейс жасап, 1 065 595 текше метр қарды жол бойынан шығарды. Сөйтіп 133177,2 км теміржол қардан тазартылды. Бұл жұмыстарға 157033 адам жұмылдырылды», – деген Жол және

құрылыстар департаментінің басшысы Ержан Танкеев, дегенмен биыл теміржол бойынан шығарылған қар көлемі өткен жылдарға қарағанда аз екенін және қыс та жайлы болғанын атап өтті.

Тек, Наурыздың мерекесі күндері табиғаттың тосынсыз көктемнің хабарын күткен халықты, әсіресе елорда тұрғындары мен ары-бері жол жүрген жолаушыларды аздап әбігерге салғаны болмаса, теміржолшылар үшін еш кедергі болған жоқ деп сендірді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

КОМАНДА БУДУЩЕГО



В АО «НК «ҚТЖ» состоялся онлайн-выпускной для пула внутренних тренеров по охране труда. По итогам обучения порядка 40 сотрудников из разных регионов страны получили право на обучение персонала на местах.

Главной целью программы «Внутренний тренер АО «НК «ҚТЖ», стартовавшей в компании в 2019 году, является развитие и обучение железнодорожников силами внутренних экспертов по разным направлениям деятельности.

Модератором выступила Школа развития известного бизнес-тренера Казахстана Ильдара Валиуллава. насыщенная программа обучения включала в себя четыре модуля: «Тренер в тренинге», «Навыки публичной речи», «Структура программы» и «Культра безопасности».

Первый модуль прошел в офлайн-режиме, а далее из-за пандемии коронавируса обучение продолжилось «онлайн».

После успешной защиты в рамках программы «Создание и развитие пула внутренних тренеров по охране труда АО «НК «ҚТЖ» железнодорожники получили долгожданные сертификаты. Правда, пока только в электронном виде. При этом выпускников на завершающей онлайн-встрече, директор департамента производственной безопасности АО «НК «ҚТЖ» Асхат Сариев выразил им благодарность за вклад, внесенный в развитие компании.

– С ноября 2019 года мы прошли большой путь и достигли изумительных успехов. Без культуры безопасного труда не может существовать ни одна крупная компания. И я горжусь, что в ҚТЖ зародилась такая сильная школа, и вы стали одними из основоположников этого направления, – сказал Асхат Сариев.

Теплые слова в адрес внутренних тренеров прозвучали также от HR бизнес-партнера Акамарал Байгабуловой.

– Для компании вы являетесь олицетворением одной из наших корпоративных ценностей БЛАГО – Гордость. Благодаря вашему усердию, желанию стать эффективным тренером компания приобрела и пополнила ряды внутренних тренеров, бойцов невидимого фронта, – отметила она.

Не скупилась на благодарности и сами выпускники. Каждый из них выразил признательность руководству ҚТЖ и своим кураторам.

– Темы, которые мы изучали, были очень интересные. Теперь, получив ценные знания, мы хотим быть полезными компании, – поделился ведущий инженер по охране труда и технике безопасности Илецкого железнодорожного участка Аркадий Ганжа.

Любовь РОББА, Нур-Сұлтан

КҮШЕЙТІЛГЕН ТӘРТІПТЕ ЖҰМЫС ІСТЕДІ



Үздіксіз тасымал үдерісін қамтамасыз ету үшін пойыздар қозғалысына тікелей қатысы бар теміржолшылар жұмысы күшейтілген тәртіпке көшірілді.

Әсіресе, осы мереке күндеріне ауысымы әйкес келген «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС теміржолшылары, станция мен депо кезекшілері, диспетчерлер мен машинистер және олардың көмекшілері штаттық режимде жұмыс істеді. Жолаушылар мен жүк пойыздары мейрам күндері де тоқтатылмай, жүк жөнелтушілер де жүктерін тиеуді жалғастырды. Әсіресе, мереке күндері күрт құбылып, ауа райы бұзылып, қалың қар басып, бұрқасын соққан астана мен солтүстік аймақтарда жұмыс қауырт жүрді.

Сонымен қатар жолаушылардың жайлылығы үшін қосымша пойыз бағдарлары іске қосылды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас ғимаратындағы Қазақстан теміржолының барлық қызметтерін реттеп отыратын Пойыздардың басқарудың автоматтандырылған орталығы диспетчерлері де өз жұмыс орындарынан табылып, жауапкершілікті әдеттегіден де арттырып, теміржол көлігі бойынша үздіксіз жұмысты тәулік бойына қамтамасыз етті. Үлкен монитордан диспетчерлер пойыздардың құрастырылуы, тарқатылуын бақылап, құрамдарды өткізуді ретін қадағалап отырған қозғалысшылар тарапынан кінәрат болған жоқ.

Орталық арқылы тасымал үдерісіне қатысушылар арасында өте аз мерзімде ақпарат алмасу мүмкіндігі жоғал қойылған.

Ұлан ОРАЗ

ХРОНИКА

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ЗА 12 МЕСЯЦЕВ 2020 ГОДА ТРАНЗИТ ЧЕРЕЗ ТЕРРИТОРИЮ КАЗАХСТАНА ПО МАРШРУТУ ТМТМ СОСТАВИЛ

8,1 тыс. доз

ЗА ГОДЫ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ В МАШИНОСТРОИТЕЛЬНОЙ ОТРАСЛИ СОЗДАНО СВЫШЕ

14000

РАБОЧИХ МЕСТ

СВЫШЕ

580 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПУТИ КАПИТАЛЬНО ОТРЕМОНТИРУЮТ В 2021 ГОДУ

ВЫСОКОЕ ДОВЕРИЕ

Более 40 линейных предприятий АО «НК «ҚТЖ» и его дочерних организаций получили сертификаты доверия в области безопасности и охраны труда.

Роман ЛЮБИМОВ,
Нур-Сұлтан

Сертификаты доверия вручаются подразделениям АО «НК «ҚТЖ», прошедшим проверки на соответствие деятельности требованиям трудового законодательства и охраны труда по нескольким критериям. Главный из них – отсутствие случаев производственного травматизма в течение последних 7, 10 и 15 лет.

Согласно принятым в 2019 году Правилам выдачи сертификатов доверия в области безопасности и охраны труда в АО «НК «ҚТЖ», департамент безопасности труда и экологии выдает заключение о соответствии деятельности того или иного подразделения необходимым требованиям и формирует перечень предприятий для выдачи сертификатов, который утверждается главным инженером АО «НК «ҚТЖ».

Предприятия, проработавшие без производственного травматизма свыше 15 лет, получили сертификаты



доверия 1-го класса. Это Костанайская дистанция сигнализации и связи, Сексеульское эксплуатационное локомотивное депо, ТОО «Теміржолсу-Арыс» и другие. Сертификаты доверия 2-го класса вручили 12 линейным предприятиям, которые проработали без производственного травматизма более 10 лет. В их числе Серебрянская дистанция пути, Кульсаринская дистанция сигнализации и связи и т.д.

Коллективы еще 15 линейных подразделений, включая Кандыгашское эксплуатационное локомотивное депо, Есильскую дистанцию пути и другие, удостоены сертификатов доверия 3-го класса. За семь лет работы

они не допустили ни одного несчастного случая.

Документ освобождает линейные подразделения от плановых проверок по соблюдению требований трудового законодательства и обязывает поддерживать достигнутые показатели.

Так, обладатель сертификата доверия 1-го класса освобождается от плановых проверок корпоративного и сетевого уровня в течение 3 лет, 2-го класса – в течение 2 лет, а третьего – от одной плановой проверки.

Если во время действия сертификата на предприятии будут зафиксированы случаи травматизма, он автоматически аннулируется.

Вручение сертификатов планируется производить ежегодно. Это будет мотивировать железнодорожников на соблюдение требований безопасности и охраны труда.

В настоящее время в АО «НК «ҚТЖ» насчитывается более 100 линейных подразделений, проработавших более 15 лет без травматизма. К примеру, 27 лет работает без производственного травматизма Акжайыкская дистанция сигнализации и связи. Опыт таких предприятий изучается и перенимается другими подразделениями компании.



ТХКБ БАҒДАРЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІН ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАҢУ, ОҒАН ҚАТЫСУШЫ ЕЛДЕРДІҢ ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЖАҚСARTU ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. ОСЫ МАҚСАТТА 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН БАҒДАРДЫ ДАМУ ТРАТЕГИЯСЫН ЖАСАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ КАБЫЛДАНДЫ

Мадина АХМЕДЖАНОВА,
«KTZ EXPRESS» АҚ бас директорының сату бойынша орынбасары

С НАЧАЛА ЗИМНЕГО ПЕРИОДА



ЗАДЕЙСТВОВАНО **3 267** ЕДИНИЦ СНЕГОУБОРОЧНОЙ И СНЕГОЧИСТИТЕЛЬНОЙ ТЕХНИКИ



ВЫВЕЗЕНО **1 065 595** м³ СНЕГА



133 177,2 км ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПУТИ ОЧИЩЕНО ОТ СНЕГА



157 033 ЧЕЛОВЕКА ПРИВЛЕЧЕНЫ НА ОРГАНИЗАЦИОННО РАБОТ ПО СНЕГОБОРЬБЕ



ВОКЗАЛ КЕҢЕЙЕДІ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Темір жол вокзалына жолаушылар пойызға міну үшін ғана келмейді, олардың аялдап, тынығып, сапар алдында жолға қажетті нәрселерін түгендеп, тамақтанып, басқа да қызмет түрлерін пайдалатын орны.

Жолаушылар тасымалдың осы түрін тиімді санап, оған айрықша ықылас танытуына вокзалдарда көрсетілер осындай сервистік қызметтің де атқарар рөлі ерекше. 1972 жылы бой көтеріп, 500 орынға лайықтап салынған Атырау темір жол вокзалы заман өзгеріп, ішкі-сыртқы миграцияның ұлғаюына байланысты жолаушылар тасқынының астында қалғандай. Жарты мың адамды ғана жарылқауды көздеген вокзалда бүгінгі күні адам саны жылдан-жылға көбейіп, келіп-кететін жолаушы нөпірі 3000-ға жуықтаған. Жол жүру бағыттары да көбейген. Қазіргі уақытта қатынасы тоқтап тұрған халықаралық пойыздарды айтпағанда, Алматы мен Астана, Маңғыстау мен Ақтөбе бағытында қатынайтын пойыздар және өндіріс ошағы саналатын Құлсарыға баратын вахталық режимдегі жұмысшылар да осы вокзалдан қатнайды.



Жоспар автобекетті Қазақстан темір жолы балансына қосып алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады. Қазір қосылу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Біздің теңгерімге өткеннен кейін ғана біз ол жобаны бастай аламыз. Бұл өте дұрыс жоба деп есептейміз, – дейді Атырау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Елеубай Сапаров.

Иә, вокзал кеңейтсе, жолаушыларға қызмет көрсету сапасы да артады деген сенімдеміз.

Суретті түсірген автор

АУАНЫ ЛАСТАУ АЗАЙҒАН

Жан ПЕРДБЕК,
Шымкент



Теміржол тасымалынсыз экономика алға баспасы анық. Алайда дамумен қатар экологиялық қауіп-қатер жағы да ескеріліп, ұмыт қалмауы тиіс. Сондықтан «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау – басты орында.

Теміржолға берілетін зиянды заттардың шекті шығарындылары бекітілген. Айта кетейік, Арыс-1, Арыс-2, Манкент, Бадам, Сарыағаш, Шенгелді вокзалдарында «АА-Экология» ЖШС-мен өткен жылдың мамыр айында 103 600,00 теңгеге сәйкес жобалау бойынша инженерлік жұмыстарды сатып алу туралы шартқа қол қойылды. НЖС-9 қарасты барлық вокзалдар бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару бойынша шарттар жасалды.

Сондай-ақ, 2020 жылы қаңтар айында шамдарды демуркуризациялау бойынша «START POINT» ЖШС-мен бірге 24 990,00 сомаға 210 дана құрамында сынабы бар шамдарды сатып алу туралы шарт жасалды. Бұдан бөлек, сомасы 90 000,00 теңгеге қауіпті қалдықтарды шығару бойынша қызметтер сатып алынған.

Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің берген мәліметіне сүйенсек, өткен жылдың 12 айында атмосфераға ластанушы заттардың шығарындылары төмендетіліп, 3,717 тоннаны құрап, көлемі азайған. Мұның себебін мамандар Шымкент және Түркістан вокзалдарын жергілікті атқарушы органдардың балансына беруге байланысты деп отыр. Ағымдағы экологиялық көрсеткіштерге тоқталатын болсақ, парниктік газдар шығарындылары (СО2 баламасында) өткен жылы төмендеп, 2,3433 тоннаны құрады, ал 2019 жылы 2,6472 тоннаны құраған. Тұтыну және өндіріс қалдықтары төмендетіліп, 2 616 тоннаны, 2019 жылы 8 132 тоннаны құрады. Вокзалдар бойынша айыппұлдар мен нормативтен тыс төлемдерге жол берілмеген.

Қысқасы, НЖС-9 мамандары экологиялық жағдайды жақсарту және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан нормативтен тыс төлемдер мен айыппұл санкцияларына жол бермеу үшін ПДВ, ПДС және ПЭК нормативтерінің жобаларын уақытылы әзірлеу және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға өтінім бергілі отыр. Одан басқа, өндіріс қызметі процесінде барлық жойылатын қалдықтарға әкету және көму шарттарын уақытылы жасасу, белгіленген мерзімде табиғатты қорғау қызметі бойынша іс-шаралар жоспарын орындауды, қоршаған ортаға ластанушы заттар шығарындыларын, төгінділерін және өндіріс қалдықтарын азайту жөнінде нақты шаралар қабылдап, табиғат қорғау заңнамасын бұзуға жол бермеуді жоспарға енгізді.

Сұхбат

Нұр-Сұлтан станциясы бар әлемге қиын тиген өткен жылды жаман қорытындылаған жоқ. Пойыздар қозғалысы қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, техникалық құралдардың жұмыс істемей қалуына жол берілмеді. Вагондар паркінің сақталуында да кемшіліктер болмаған. Техникалық сабақтар былтыр наурыздан бастап әлі күнге онлайн түрде өткізіліп келеді. Бұл туралы станция бастығы Рахимжанов Ерлан Бейсенбайұлы әңгімелеп берді.



«20 БАҒЫТҚА ПОЙЫЗ ҚҰРАСТЫРАМЫЗ...»



Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

– Ең бастысы, қатаң карантин шектеулеріне қарамастан станция арқылы жүк ағыны артқан. Яғни, тәуліктік жүк тасымалы 2019 жылы 67 жүп пойыз болса, былтыр ол 76 жүп пойызға жеткен. Әрине, кемшіліксіз болмайды, дегенмен олардың бірі жойылып отырады. Мәселен, былтыр комиссиялық байқаулар кезінде 2259 кемшілік анықталды. Төртінші шаралар қызметтік нұсқаулық талаптарын бұзғаны үшін 558 қызметкерге қолданылды. Өткен жылы станция басшылары 97 тосын тексеру нәтижесінде 121 кемшілік тапса, биыл бірінші айда тосыннан 11 рет тексеру жүргізу кезінде 25 оқлықты анықтады. Соған байланысты 49 қызметкер тәртіптік жазаға тартылды. Сонымен бірге биылғы қаңтар айында жүргізілген комиссиялық тексеру барысында 178 кемшілік табылып, бәрі жойылды.

– Станцияның жүк желінді және қабылдау бойынша мүмкіндіктері қалай?

– Өте жақсы. Бізде тәулігіне 3 жарым мың вагонды өңдей алатын сұрыптау дөңесі бар. 20 бағыт бойынша пойыз құрастырамыз. Соған лайықты қызмет көрсететін 7 паркміз жұмыс істеп тұр. Бізге келіп түсетін жүк ағыны өте үлкен. Қаланың еті, сүті, майы – бәрі осы жерге кеп түседі. Соны уақытында өз клиенттерімізге түсіріп беріп, дер кезінде қызметпен қамтамасыз ету керек. Сондықтан біз пандемия кезінде де үздіксіз жұмыс істеп, тасымалды тоқтатпадық. Түсіру, тиеу кіреберіс жолдарда жасалады. Тәулігіне 17 жүп

жолаушылар пойызы өтеді. «Нұрлы жол» вокзалы таңертең алтыдан түнгі 12-ге дейін ғана жолаушылар пойыздарын қабылдайтындықтан, қалған аралықта келетін жолаушылар пойыздары бізге тоқтайды.

– Ұлттық компания қызметкерлердің қауіпсіздігін, жалпы еңбек адамын басты орынға шығарады. Қазір соның өзектілігі одан сайын арта түскен сияқты...

– Иә, онығыз рас. Біз қазір пандемияға байланысты барлық талаптарды орындап, қызметкерлердің денсаулығын бірінші орынға қойып отырмыз. Бүгінде техникалық сабақтардың бәрін онлайн өткізіп жатырмыз. Себебі адамдарды бір жерде көп жинай алмаймыз. Станцияда 570 адам еңбек етеді. Солардың бәрі қауіпсіздікті бірінші өздерінен бастауы керек.

– Қазір сала қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыруға да өте қатты көңіл бөлінуде. Сол талаптар үдесінен шығу жағы қалай?

– Рас, қазір әрбір теміржолшыға қойылатын талаптар күшейді. Салада кәсібилік, тиімділік, табыс, үнем деген ұстанымдар басты орынға шықты. Біз де соған қарай жұмыс жүргіземіз. Жұмыскерлердің біліктілігін көтеру үшін жыл бойына түрлі іс-шаралар, іскерлік ойындар ұйымдастырып, жақсы жауап бергендерді ақшалай, марапаттар беріп ынталандырамыз. Себебі бізде кадр тұрақсыздығы бар, әсіресе, жастар үйреніп алып, басқа жоғары жаққа кетеді. Соларды қалсын, талпынсын деп көптеген шаралар атқарылууда. Олардың еңбек жағдайын жасауға көңіл бөлініп отыр. Мәселен, бізде сұрыптау дөңесіндегі қосын

ғимаратына ағымдағы жөндеу жүргізілді. Индет кезінде мереке тойлау болған жоқ. Сондықтан біраз қаржы үнемделді. Үш жүзге жуық орындар сатып алдық. Теміржолшыларға кімге, қандай көмек керек, соны да анықтап, көмек бердік. Басты ғимаратқа да жөндеу жүргізілді.

– Қауіпсіздік туралы айтқанда бөгде адамдардың жолды кесіп өтуі салдарынан туындайтын келеңсіздік туралы айтпай кете алмаймыз...

– Иә, ол бір өзекті тақырып. Біз бірнеше құрылымдық мекеме өкілдерімен бірге жол бойында жиі рейлдер өткіземіз. Елордада теміржол станциясының екінші бетінде «Лесозавод» шағын ауданы бар. Сол жақтың халқы арнайы көпірлерді пайдаланбай, тіке өтіп кетеді. Солармен жұмыс жүргіземіз, халыққа түсіндіреміз. Теміржол бойындағы мектептерге барамыз. Бейнеролик түсіреміз. Брошюра таратамыз. Былтыр станция теміржолында екі суицид болды. Бізде станцияда 20 жерде бейнекамера бар. Соның көмегімен олардың суицид жасағаны дәлелденді. Біріншісі, станцияның периметрі бойынша қоршау салу және екіншісі, станцияның анағұрлым қауіпті жерлерінде әскерилендірілген теміржол күзеті қызметі қызметкерлерін көбейту. Бұл ұсыныстар тиісті басшыларға жолданды. Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«KTZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «KTZ Express» АҚ) «KTZ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2021 жылғы 06 ақпанда 10:00 сағатта (Нұр-Сұлтан уақыты) Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «KTZ Express» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы 10 қаңтардағы №1 хаттама) «KTZ Express» АҚ Мүлкін өткізу қағидаларына және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлкті сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаны төмендету аукционына мына Нысандар шығарылады:

№	Аты	Жылы	Бастапқы баға, теңге	Бастапқы баға, теңге	Төмен баға, теңге	Кепілдік жарна, теңге
1	Полуприцеп Сзап 99051, 23E5A02	2008	1 421 971	4 265 913	1 208 675	213 296
2	Полуприцеп Сзап 9905, 33E5A02	2012	1 587 238	4 761 715	1 349 153	238 086
3	Полуприцеп Сзап 99051, 41E5A02	2008	1 421 971	4 265 913	1 208 675	213 296
4	УАЗ 3303, 086YX02	1994	467 559	1 402 676	397 425	70 134
5	КАМАЗ 54115-010-15, 187 AT04	2014	9 777 988	29 333 963	9 777 988	1 466 698
6	МАЗ 5337, 294 AT04	2011	8 157 892	24 473 676	8 157 892	1 223 684
7	ППК Зрдт 931-05, 45CUA04	2015	3 651 631	10 954 894	3 651 631	547 745
8	Skoda Superb B6, 171 AT04	2012	3 373 944	10 121 832	3 373 944	506 092

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілімі веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда баста-

лардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес

нысан бойынша сауда-саттыққа өтінімді тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион түрінде сауда-саттық.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына енгізіледі: БСН: 050540004455, БСК: HSBKZKX, IBAN/ЖСК: KZ94601711100000330, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлемнің тағайындалуы: электронды аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына уақтылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Сауда нәтижелері туралы хаттаманы тізілім веб-порталы қалыптастырады, сауда өткізу күнінде сатушының және сауда жеңімпазының ЭЦҚ пайдалану арқылы қол қойылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда, сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының нысанды сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін бекітетін құжат болып табылады.

Жарияланған баға бойынша сатылу объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы

жеңімпаз болып есептеледі.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілім веб-порталында сауда қорытындысын шығару күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Жеңімпаз мүлкті сатып алуға және сатуға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелместен, мүлкті тіркеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықтар мен басқа да төлемдер бойынша шығыстарды төлеуге міндетті.

Жеңімпаз осы арқылы Нысанды сатып алу кезінде ол объектінің техникалық жағдайы мен оның кемшіліктерін толық білетінін және келісетінін растайды.

Жеңімпаз Нысанның ақаулары өтелуде жағдайды және Сатушы Нысанның кез-келген ақаулары үшін жауапкершілік көтермейді деп келіседі.

Жеңімпаз Сатушыға Объектінің сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенді.

Электронды аукцион өткізу тәртібі, саудаға қатысушы рәсімдеу тәртібі туралы, Жеңімпазды анықтау шарттары жайлы ережелермен Қағидалардан және Регламенттен танысуға болады, олар «KTZ Express» АҚ-ның www.ktze.kz және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында көпшілік үшін қолжетімділіктен орналастырылған.

Қосымша ақпаратты 87710838734 («KTZ Express» АҚ) және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ) телефондары бойынша алуға болады.

ОСНОВНАЯ ЗАДАЧА



В Алматинском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-28) проводится целенаправленная работа по предупреждению аварийных ситуаций. С начала года по вине алматинских локомотивщиков нарушений безопасности поездов не допущено.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В основе проводимой работы – реализация комплекса организационных мер, предусматривающих повышение требовательности к работникам за выполнением обязанностей в сфере безопасности, а также их обучение, укрепление дисциплины и повышение уровня контроля. Проводится полный детальный анализ каждого случая нарушения безопасности движения, выявляются причины, ведь основная задача – определить объективно, почему произошло происшествие, разработать мероприятия, которые поставят прочный заслон таким случаям. Более того, установлен ежедневный контроль выполнения локомотивными бригадами требований правил технической эксплуатации, действующих инструкций и приказов.

По словам начальника депо Болатказы Толекпаева, систематически ведется подготовка локомотивных бригад по повышению мастерства вождения поезда и профессиональных



знаний машинистов и их помощников.

За первые два месяца текущего года поступило 566 рапортов машинистов против 543 аналогичного периода прошлого года. Снизилась частота нарушений по расшифровке скоростемерных лент. Если в прошлом году в данный период было зафиксировано 27 случаев, то с начала текущего года – 18. В работе АЛСН на локомотивах допущено 173 случая сбоя против 181 периода прошлого года.

Значительно уменьшились экстренные торможения локомотивными бригадами, с начала года машинистами их применено 65 против 133 периода прошлого года. В том числе по предотвращению наезда на людей – 16 случаев.


Однако ситуация с наездами на скот остается тревожной, часто эти происшествия происходят на участках Айнабулак – Сарыозек, Алматы – Отар, где владельцы домашних животных скрываются и не принимают мер по

предотвращению этих случаев, а обращения в соответствующие органы в части оказания помощи в определении скотовладельцев не дают эффекта. Так, с начала года зафиксировано 10 случаев наезда на скот, в прошлом году – 25.

Еще одна проблема – низкая водительская культура, которая является причиной всех ДТП на перегодах, лихачество процветает и создает локомотивным бригадам определенные трудности.

Фото автора

ВОДА НЕ ОСТАНОВИТ ПОЕЗДА



В Карагандинской области проводятся противопаводковые мероприятия в 174 населенных пунктах. На контроле находятся Бухар-Жырауский, Шетский, Каркаралинский и Актогайский районы.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

С начала зимы железнодорожники Карагандинского региона вывезли порядка 500 кубометров снега.

В целях обеспечения бесперебойного и безопасного движения поездов, своевременной подготовки пути, искусственных сооружений к пропуску ледохода и весеннего паводка 2021 года по Карагандинскому отделению магистральной сети (НЖС-4) разработаны организационно-технические мероприятия, гарантирующие сохранность и устойчивую работу пути, искусственных сооружений, земляного полотна.

Как отметил начальник отдела пути НЖС-4 Нуржан Калиев, на водохранилищах уже с января производятся сбросы для промывки русел. В прошлом году на территории более 30 населенных пунктов были возведены и укреплены защитные дамбы, расчищены и расширены паводкоопасные русла рек, а также отремонтированы водоотводные каналы.

Для координации работы всех служб по выполнению мероприятий по подготовке к пропуску паводковых и ливневых вод создан оперативный штаб под председательством НЖС. Составлены перечень особо опасных мест и схема их расположения.

– В настоящее время на 4 станциях (Караганда-Сортирочная, Акадыр, Балхаш-1, Жанаарка), относящихся к Карагандинскому отделению магистральной сети, формируются противоразмывные поезда из 28 вагонов, из них 4 – под инструмент и инвентарь, 10 платформ – с железобетонными (некондиционными) шпалами, 10 – под бутовый камень, 4 – под рельсовые пакеты, – рассказывает Нуржан Калиев.

Противоразмывные поезда укомплектованы опытными бригадами. Проверяется готовность транспортных средств: дрезины АГМ, ДГКУ, автомашины, создан аварийный запас горюче-смазочных материалов.

В целях своевременного обнаружения подмывов опор на мостах (526 км перегона Сороковая – ОП-42, 695 км перегона Нура – БП, 802 км перегона Карамурын



– Дария) будут произведены промеры русел водотоков под мостами.

В настоящее время приступили к работе по очистке мостов, труб, кюветов, нагорных и водоотводных канав, лотков от снега, льда, мусора.

На сегодняшний день в Карагандинской области в зоне риска находятся свыше 170 населенных пунктов. В связи с этим с 15 марта все противопаводковые штабы перешли на круглосуточный режим работы.

Фото автора

ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «KTZ Express» (далее – АО «KTZ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «KTZ Express», которые начнутся 6 апреля 2021 года в 10.00 (время Нур-Султана) на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «KTZ Express», утвержденными решением Совета директоров АО «KTZ Express» (протокол от 10 января 2018 года №1), (далее – Правила) и регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале Реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года №66) (далее – Регламент).

На аукцион на понижение цены выставляется следующее имущество:

№№	Наименование	год	начальная стоимость	стартовая стоимость	минимальная стоимость	гарантийный взнос
1	Полуприцеп Сзап 99051, 23ЕСА02	2008	1 421 971	4 265 913	1 208 675	213 296
2	Полуприцеп Сзап 9905, 33ЕТА02	2012	1 587 238	4 761 715	1 349 153	238 086
3	Полуприцеп Сзап 99051, 41ЕТА02	2008	1 421 971	4 265 913	1 208 675	213 296
4	УАЗ 3303, 086УХ02	1994	467 559	1 402 676	397 425	70 134
5	КАМАЗ 54115-010-15, 187 АТ04	2014	9 777 988	29 333 963	9 777 988	1 466 698
6	МАЗ 5337, 294 АТ04	2011	8 157 892	24 473 676	8 157 892	1 223 684
7	ППК Зрдт 931-05, 45СUA04	2015	3 651 631	10 954 894	3 651 631	547 745
8	Skoda Superb B6, 171 АТ04	2012	3 373 944	10 121 832	3 373 944	506 092

Регистрация участников торгов на веб-портале Реестра со дня публикации извещения на веб-портале Реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно

приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги в форме аукциона методом на понижение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004,

АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом Реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае не подписания участником, победившим в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.


Победителем считается участник, первым подтвердивший свое желание приобрести объект продажи по объявленной цене и подписавший протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи Имущества по цене продажи.

Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных

УЛУЧШИТЬ КАЧЕСТВО, ПОВЫСИТЬ СКОРОСТЬ

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Нур-Султан



В 2021 году АО «НК «КТЖ» капитально отремонтирует более 580 километров железнодородного полотна.

К ремонтно-путевым работам в компании приступили с начала марта текущего года. Модернизация пути началась с юго-западного региона – в Мангистауском отделении магистральной сети. По мере потепления и оттаивания почвы капитальный ремонт продолжат в западном, центральном, восточном и северном регионах страны.

Во время путевых работ будет применяться техника: выправочно-подбивочно-отделочные машины, моторные платформы, путевые машины, платформы для перевозки рельсошпальной решетки, электробаластеры, путерихтовочные машины, хоппер-дозаторные вертушки и другие.

В течение года капитальный ремонт проведут на участках Петропавловск – Шу, Астана – Тобол – Костанай, Лисаковск – Арыстансор, Бесколь – Жезказган – Аксарайская, Матай – Жана-Семей – Павлодар, Шу – Сексеульская – Мангистау, Илецк-1 – Уральск.

Модернизация позволит улучшить техническое состояние верхнего строения пути, а также повысить на отремонтированных участках скорость движения пассажирских поездов до 140 километров в час и грузовых – до 90 километров в час.

Напомним, в минувшем году в компании капитально отремонтировали 416 километров железнодорожного полотна.

В ЦИФРОВОМ ФОРМАТЕ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



В Павлодарском отделении ГП продолжается работа по внедрению мобильного приложения KТZHSEISPB. Это интегрированная система производственной безопасности, которая обеспечивает мобильность, обособанность и скорость реагирования на любые признаки небезопасного труда.

Сейчас среди павлодарских железнодорожников проводится разъяснительная работа и обучающие онлайн-курсы по регистрации работников и правильному использованию цифровой платформы ИСПБ.

– Модуль «Поведенческие диалоги безопасности» системы ИСПБ позволит каждому работнику оперативно зафиксировать на мобильное устройство любое происшествие, ситуации без последствий (Near Miss), опасное действие работников и опасные условия на рабочих местах. Кроме этого, оформить свое право на остановку небезопасных работ. После регистрации бланка поведенческого диалога безопасности в системе, выявленные замечания поступают к ответственному лицу для принятия мер по их устранению и неповторению. В каждом структурном подразделении филиала на линейном уровне есть контролеры из числа работников сектора производственной безопасности и экологии, которые контролируют своевременное устранение выявленных замечаний ответственными лицами, – подробно рассказала о работе автоматизированной системы начальник службы производственной безопасности и экологии Павлодарского отделения ГП Эльмира Караханова.

Модуль «Внутренний контроль» поможет сотрудникам стальной магистрали оперативно оформлять проводимые инспекции, проверки и аудиты. В отличие от модуля «Поведенческие диалоги безопасности» здесь оформленный бланк проверки изначально поступает к руководителю проверяемого объекта, который назначает ответственное лицо за устранение замечаний.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» филиалының ұжымы филиал директорының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Утегенов Жандарбекке және ағайын-туысына бауыры **Утегенов Камалбек Сиятұлының** кеңестен қайтыс болуына байланысты әулеттің орны толмас ауыр қайғысын бөлісіп, көңіл айтады.

дней со дня проведения итогов торгов веб-порталом Реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей Имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации Имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписывая протокол об итогах торгов, подтверждает, что на момент покупки Объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием Объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки Объекта возмещению не подлежат и Продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки Объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к Продавцу по вопросу качества, комплектности Объекта.

С положениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения Победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «KTZ Express» www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

Дополнительную информацию можно получить по телефонам 8 771 08 38 734 и 8 7172 55 29 81 (АО «ИЦ»).

ФЛЕШМОБ ӨТКІЗДІ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



Наурыз мерекесі қарсаңында Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің жастары ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Наурыз мерекесіне орайластырып флешмоб өткізді.



Бөлімше басшылығы мен кәсіподақ ұйымы белсенділерінің қолдауымен өткен жастардың мерекелік шарасы жұмыс орнында, бөлімше ғимаратының фойесінде карантиндік нұсқамалардың барлық талаптары қатаң сақталып өткізілді.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметовтің, бөлімшенің кәсіподақ ұйымының

төрайымы Ажар Ерманованың қолдауына сүйенген теміржолшы жастар үстеріне көк түсті жейде, мойын-бастарына сары шалғы, кеуделеріне «Қазкөліккәсіптің» логотипін тағып Наурыз думан әнінің ырғағына, одан кейін Қамажай мен Қаражорға биіне билеп, көпшіліктің қолдауына ие болды.

Құрылымдық өзгерістерге сай спорттық-көпшілік шараларын атқаратын

сектор бөлімшеге қосылғаны белгілі. Спорт секторы Бақытжан Имбергенов жастар ұйымының жетекшісі Мейіржан Асқаров әріптестерін бүгінгі шараға жоғары дайындықпен бастап келгеніне ризашылығын білдірді.

– «Наурыз. Денсаулық. Қазақстан» тақырыбымен өткізуге бағытталған бүгінгі флешмоб жастардың бірлігі мен белсенділігін паш етті. Жалпы «тәні саулық дені сау» тәмсілі теміржолшылар үшін айтылғандай. Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру оны сақтау үшін ең бірінші денсаулық, білім мен біліктілік керек. Флешмоб жастардың еңбекке ынтығасын арттыруға сеп болары анық. Айкерім Дәулетбаева, Салтанат Махмұтова, Мейіржан Асқаров, Бейбіт Ділдабаев пен Бақытжан Имбергенов секілді жастарымыз – бөлімшенің белсенді теміржолшылары. Әріптестеріме Наурыз мерекесінде тек жақсылық тілеймін, отбасына амандық, жұмыста табысты болсын, денсаулықтары мықты болсын, ауырмасын, – деген игі тілегін білдірді кәсіподақ ұйымының төрайымы Ажар Ерманова.

Қазіргі эпидемиялық ахуалға сай шараны кең көлемде өткізуге мүмкіндік болмағандықтан бөлімше ғимаратында өткен флешмоб пен оны орындаушылар кәсіби бишілер емес, тәулік бойы жылжымалы құрамның өз учаскелерінен кідіріссіз өтуіне қызмет жасайтын және пойыздардың қауіпсіз қозғалысын ұйымдастырып, соған тікелей жауап беретін теміржолшылар болғандықтан да мінсіз деп бағаланды.

Суретті түсірген автор

НИКТО НЕ ЗАБЫТ, НИЧТО НЕ ЗАБЫТО

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



Совету ветеранов Костанайского региона исполнилось 30 лет. Под своим первоначальным названием – Совет ветеранов войны и труда Костанайского отделения дороги – он был организован в далеком 1991 году. Вслед за этим были созданы региональные Советы ветеранов на станциях Кушмурун, Тобол, Железородная.



С 2000 года ветеранская организация стала формироваться в своем окончательном сегодняшнем виде, в нее вошли пенсионеры всех железнодорожных организаций и станций, в том числе тех предприятий, которые на тот момент уже прекратили свою деятельность. Но их пенсионеры не были забыты и брошены. В состав региональных ветеранских советов входили лучшие производственники, вышедшие на пенсию, ветераны войны, труженики тыла, активисты железнодорожной отрасли.

По словам председателя Костанайского совета ветеранов Виктора Бурцева, возглавляющего организацию с 2009 года, с первых дней и по сегодняшний день главная их задача – защита прав, интересов всех пенсионеров-железнодорожников региона, а также укрепление единства и сплоченности ветеранского движения. На сегодня региональная ветеранская организация насчитывает более 3 200 пенсионеров, объединенных

в 52 первичные организации ветеранов предприятий. Из их числа 71 человек награжден знаком «Почетный железнодорожник», 332 – медалью «Ветеран труда», 11 имеют медаль «Еңбек ардагері».

За годы деятельности Костанайским советом ветеранов-железнодорожников изданы «Книга почта», «Почетные железнодорожники», «Известные железнодорожники», «Трудовая доблесть магистралей», а также выпущен альбом «Костанайский региональный Совет ветеранов». Помимо этого, постоянно действует Костанайский музей боевой и трудовой славы железнодорожников.

Также, по словам Виктора Бурцева, ежемесячно юбиляров чествуют благодарственными письмами и поздравлениями. В общем, благодаря деятельности совета ветеранов никто не забыт и ничто не забыто. А это особенно важно для вышедших на пенсию работников, всю свою жизнь отдавших железной дороге.

Фото автора

АТА ДӘСТҮРІНЕ АДАЛ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



«Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасын әзірлеп, көктем мерекесінің мазмұнын байытуды тапсырып еді.

Ол 14 наурыздағы Көрісу күнінен бастау алады. Еліміздің Батыс өңірінде бұрыннан бар бұл дәстүр әлі күнге жалғасып келеді. Атырау жүк тасымалы

бөлімшесінің кәсіподақ комитеті Наурызды көрісу салтынан бастады. Жұмыс аптасы басталған күні таңғы 8-де дастархан жайылып, қымыз бен шұбат, бадана

бауырсақ, сүзбе мен жент, т.б. тәттілер қойылды. Ұлттық киім киген қыз-жігіттер келушілерге дәм ұсынып, қызмет етті. Қызметкерлер, жан-жақтан желден келген жұмысшылар бір-бірімен көрісіп, мәре-сәре болысты.

Үлкендер жағы «Көрісу салты құтты болсын, жыл басымен», «Бақытты болыңдар!», «Өркенің өссін», «Жылдан жылға аман жетейік!» деп баталарын берді.

Суретті түсірген автор



СПОРТ

Жуырда Арыс белгі беру және байланыс дистанциясында аға электр механигі болып еңбек ететін құрметті теміржолшы Қожагелді Ізбасаровты әріптестері құрметпен зейнеткерлікке шығарып салды.



ЖАСЫЛ АЛАҢДА – ӘУЛЕТТЕР КОМАНДАСЫ

Жан ПЕРДЕБЕК,
Арыс

Наурыз мерекесіне орайлас келген сәтті ШЧ-38 ұжымы ерекше етуге барын салды. Белгілі журналист Несіп Жүнісбаев бастамашы болған жыл сайынғы «Бір атаның балалары футбол ойнайды» турнирі бойынша кіші футболдан жарыс өткізді.

Қожагелді Нұржанұлының зейнеткерлік демалысқа шығуына байланысты ұйымдастырылған жарысқа теміржолшылардан құралған төрт команда қатысты. Әулетаралық жарыста

спорт десе ішкен асын жерге қоятын теміржолшылар жеңіс үшін жасыл алаңда барын салды. Нәтижесінде 1-орынды Садыбековтер, 2-орынды Ізбасаровтар, 3-орынды Рысбековтер, 4-орынды Жұмбаевтар әулетінен құралған командалар алды.

«Жұлделі орын алған әулеттерге алғыс хаттар мен кубоктар табыс етілді. Кіші турнирге жалпы Ізбасаровтың өз ағайын-туыстары да қатысты. Турнир өте қызықты

әрі тартысты өтті. Бір жағынан қазақтың өз Наурыз мерекесі, бір жағынан әріптесіміздің мерейтойы сәйкес келіп, барынша есте қалатындай етіп атап өттік. Сондай-ақ жарыста Қожагелді Ізбасаровпен бірге қызметтес болған ел ағалары да келді. Мерейтой иесін футбол алаңында ортаға шығарып, шапан жауып, зейнеткерлік демалысқа құрметпен шығарып салдық», – деді теміржолшы Панзарбек Жаңабаев.

Суретті түсірген автор

ШАХМАТЫ В РЕЖИМЕ «ОНЛАЙН»


Любовь РОВБА,
Нур-Сұлтан

В АО «НК «Қазақстан темір жолы» состоялся онлайн-чемпионат по шахматам, посвященный Наурыз мейрамы. Триумфаторами соревнований стали железнодорожники из Шымкента – семья Маньшиных получила золотые медали в командном и личном зачете.

Чемпионат, организованный департаментом управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» совместно с образовательным центром «Мерей», собрал на международной интернет-платформе lichess.org 60 участников из разных регионов страны. В таком формате он проводился впервые, и многие железнодорожники отметили удобство и привлекательность онлайн-встречи на шахматном поле.

Выступая с приветственным словом во время церемонии открытия, директор департамента организационной работы и информационного обеспечения Центрального совета АО «Қазпрофтранс» Нурлан Нурпеисов отметил, что пандемия коронавируса не стала препятствием для истинных любителей этого интеллектуального вида спорта и пожелал участникам успехов.

За звание лучших на чемпионате ҚТЖ боролись представители 21 команды – по три человека в каждой (две мужские доски и одна женская). Главным судьей выступил заслуженный тренер РК, международный арбитр и обладатель многочисленных



наград турниров разного уровня Ерман Шакенов.

Соревнования проводились по швейцарской системе, без выбывания. Соперники подбирались на основании равного количества набранных по ходу шахматного турнира очков. Все они провели одинаковое количество партий, а победителей определяли по сумме набранных очков в 7 турах, – рассказал он. – Перед чемпионатом участники проверили свои силы в тестовых онлайн-состязаниях. Я работаю с ҚТЖ не первый год и хочу отметить достаточно высокий уровень подготовки железнодорожников, они всегда демонстрируют мастерство и волю к победе.

И в этот раз борьба за лидерство на шахматном поле выдалась достаточно острой, однако безусловными триумфаторами чемпионата можно назвать семью Маньшиных из Шымкентского региона. Ее представители набрали в сумме наибольшее количество очков и поднялись на первую ступень командного зачета, а также завоевали две золотые медали в личных состязаниях.

«Серебро» в командном зачете получили железнодорожники Кызылординского региона – Алмат Манкулов, Гани Алимбаев и Ирина Кожакметова.

Третье общекомандное место заняли участники из Актыбинской области – Уакбай Тоғусов, Нуржан Косаев и Индира Нуржубаева.

В личном зачете места распределились следующим образом. На первой доске лучшим стал Артем Маньшин (Шымкент), в шаге от него остановился Жаңдос Кабдуллин (Усть-Каменогорск), третье место – у Уакбая Тоғусова (Актобе).

На второй доске «золото» завоевал Гани Алимбаев (Кызылорда), вторым стал Баходир Умаров (Семей), а третью ступень пьедестала почета занял Нуржан Косаев (Актобе).

Среди представительниц прекрасного пола победительницей стала Елена Маньшина (Шымкент). «Серебро» получила Гульшана Джуматаева (Акмолинский регион), «бронзу» – Ирина Кожакметова (Кызылорда).

Фото автора



Бас редактор
Муздубаева Дина Сериковна
Бас редактордың орынбасары
Өмірзақова Меруерт

Газет басылатын қалалар:
Нур-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС
Басылымның таралымы 20 000
Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансейя Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жуманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Костанай: Аслан Кудабаяев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдаң Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаяев 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нур-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күнәлі берілді.